

Сабақтың тақырыбы: Зат есімнің жіктелуі.

- Сабақтың мақсаты:**
1. Жіктік жалғаулы сөз бастауышпен байланысып, үнемі баяндауыш қызметінде жұмсалатынын ұғындыру.
 2. Зат есімнің жіктелуінің мәнді белгілерін ажырата білу дағдыларын қалыптастыру, зат есімнің жіктелу үлгісі көрсетілген кесте арқылы зат есімдерді жекеше, көпше түрде жіктеуге үйрету
 3. Еңбекқорлыққа баулу.

Сабақтың түрі: білімді пысықтау

Әдіс тәсілдер: топтық, миға шабуыл, көрнекілік, АКТ, кесте.

Топқа бөлу: жіктік топ арқылы бөлу.

Ұйымдастыру кезеңі

Балалар бір-біріне жақсы тілек айтады.

Үй тапсырмасын тексеру.

Ребустың шешуі: мүсінші.

Әр топ сол сөзді жіктейді, сөз құрамына талдайды.

«Миға шабуыл».

Өтілген материал бойынша пысықтау. Әр топ қағаз бетіне сөздерді сәйкестендіреді.

Ағасы-нда	інің-е	сазгер-сің
Досы-н	әжем-нің	аспаз-бын
Суретші-мін	биші-сің	басшы-сыз

Оқулықпен жұмыс.

103-жаттығу Оқушылар өлеңді оқиды, ішінен жіктелген зат есімді табады.

(жұмсақ ойыншықты беру арқылы өлеңдегі зат есімді жеке балалар жіктейді)

104-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті жіктік жалғауын қойып, көшіріп жазу.

Синквейн әдісі бойынша әр топ берілген тапсырманы орындап, бағалауды басқа топ орындайды.

ҚАЗАҚПЫН- қазақ түбірі,-пын жіктік жалғауы, I жақ, жекеше түрі.

ЕЛМІЗ- ел түбірі,-міз жіктік жалғауы, I жақ, көпше түрі.

Сергіту сәті. «Көңілді күн»

106-жаттығу. Тақтамен жұмыс.

Қазақпын, күйшісің, кезекшісіңдер, жазушысыз, балаңмын, сатушысың, бишіміз, көршісіз, ғалыммын, тергеушісіздер, ағасымын, інісісің.

Түбір зат есім мен тәуелдеулі зат есімнің жіктелуін салыстырамыз.

Айырмашылығы: жалғанған жалғауларында

Венн диаграммасына салу.

Білімдерін стикер арқылы бағалап кестеге жапсырып отырады.

Топқа тапсырма: Математикалық фигуралар арқылы жалғаулар жазып қыстырып қоямын. Сол жалғауларға түбір қояды.

1-топ. Жіктеу жалғаулары -пын,-міз,-сың,-сіңдер

2-топ. Тәуелдік жалғаулары -м,-ң,-сі,-міз,-рің

3-топ. Септік жалғаулары -ға,-ның,-нан,-ды

Қорытынды: Зат есім жіктеледі, тәуелденеді, септеледі.

Ой толғаныс.

Бульдозерді, экскаваторды, мұнара-кранды, тікұшақты жүргізетін адамды кім дейді?

(өз ойларын ортаға салу)

Рефлексия: 2 жұлдыз, 1 тілек.

Әр оқушы өзінің бүгінгі сабақтан алған әсерімен, ұнаған жерлерін смайлик арқылы кестеге апарып жапсырады.

Үйге тапсырма: 108-жаттығу, 145-бет

